

Глубокое ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру учаскесіне 1992 жылы туған азаматтарды тіркеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 13 қаңтардағы № 1312 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 04 ақпанда № 5-9-98 тіркелді. Күші жойылды - Глубокое ауданы әкімінің 2009 жылғы 13 ақпанды № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Глубокое ауданы әкімінің 13.02.2009 № 1 шешімімен.

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74-II Заңының 17-бабына, "Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы күштері туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы № 29 Заңының 18-бабына және "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскери шақырылушиларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысына сәйкес, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II Заңының 31-бап 1-тармақ 8) тармақшасын басшылыққа алып, Глубокое аудандық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Глубокое ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" ММ бастығы Т.М. Сарсенбинге (келісім бойынша):

1) 2009 жылдың қаңтар-наурыз айларында 1992 жылы туған ерек жынысты, жасы 17-ге толған азаматтарды "Глубокое ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" ММ шақыру учаскесінде тіркеу жүргізсін;

2) "Глубокое аудандық білім беру бөлімі" ММ бастығына, "Глубокое аудандық спорт және дене шынықтыру бөлімі" ММ бастығымен бірге әскери-оку мекемелеріне кандидаттарды іріктеуді, кандидаттардың пәндер бойынша білім дәнгейін, кіру емтихандарына төзімділігін, дене дайындықтарын алдын ала тексерсін.

2. Жастарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне қызметке дайындау бойынша шаралар жоспары, 1992 жылы туылған азаматтардың медициналық комиссияға келуі бекітілсін.

3. Кенттер мен ауылдық округтердің әкімдеріне:

1) 1992 жылы туылған азаматтардың бекітілген кестелерге сәйкес

ұйымдастырылған мерзімді және уақытында келуін қамтамасыз етсін;

2) тіркеу барысында айқындалған науқас шақырылышылардың емделуін, жастарды өскерге шақыруға дайындау үшін бақылауды күшейтсін.

4. "Глубокое аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" ММ өскери қызметке шақыру пунктіне тіркеу жасындағы адамдардың тіркеуден өтуіне мерзімді уақытында меншік түріне қарамастан шаруа қожалықтары басшылары, мекеме, ұйым, кәсіпорын басшыларының, кенттер мен ауылдық округтердің әкімдерінің көмек көрсетулері ұсынсын.

5. "Глубокое аудандық ішкі істер бөлімі" ММ бастығы Р.Т.Рамазановқа (келісім бойынша):

1) тіркеу уақытында өскерге шақыру пунктінде тәртіп сақтау үшін бір қызметкерді бөлуді, сондай-ақ өскери қызметтен бас тартқан азаматтарды іздестіру және шақыру пунктіне жеткізу үшін "Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" ММ, кенттер және ауылдық округтер әкімдеріне көмек көрсетсін;

2) келісілген кесте бойынша 1992 жылы туылған азаматтарды тіркеуден өткізуге участекілік полиция инспекторымен жеткізуін қамтамасыз етсін.

6. Глубокое ауданының "Медициналық бірлестігі" КМКҚ директоры М.С.Ластаевқа (келісім бойынша):

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылдың 16 наурызындағы № 117 және Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің 2005 жылдың 4 наурызындағы № 100 "Қазақстан Республикасының өскери құрылымдары, және басқа да Қарулы Күштер өскерлерін өскери-дәрігерлік сараптау ережесін бекіту туралы" бірлескен бұйрығының талаптарына сәйкес, медициналық комиссияны білікті маман-дәрігерлермен, орта медициналық қызметшілермен, қажетті құрал-жабдықтармен, дәрі-дәрмектермен жабдықтасын ;

2) өскерге шақырылышылардың тексеруден өтуі және емделуі үшін қажетті мөлшерде төсек-орын бөлінсін. "Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" ММ жолдамасымен емделуге келген шақырылышыдан ақы алу жойылсын. Шақырылышылардың стационарлық жағдайда емделуіне кеткен шығын өтем ақысы мемлекеттік тапсырыс ұсынылған тізімі бойынша жүргізілсін;

3) электрокордиограмма және қажетті анализдерді тапсыруын, флюорографиялық тексерілуін қамтамасыз етсін. "Глубокое аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" ММ шақыру пунктінде тіркеу құрамының электрокордиологиялық тексеруден өтуін, флюорографиялық тексеруден сол күні өткізілсін. Тексеру үшін қажетті мөлшерде медициналық қызметкерлер бөлінсін;

4) "Глубокое аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" ММ шақыру пунктінде келісілген кесте бойынша медициналық комиссия өткізілсін. Шақыру

пунктіне шақырылышылар жеткізілмеген жағдайда (сәтсіз ауа-райы, көліктің болмауы) резерв күндері қарастырылсын.

7. "Глубокое білім беру бөлімі" ММ бастығы М.Ж.Асамбаевқа:

1) 1992 жылы туылған оқымайтын жасөспірімдер туралы ақпаратты "Қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" ММ ұсынын;

2) жалпы білім беру және кәсіби мектептерде оқитын жасөспірімдерді алып бару үшін алғашқы әскери дайындықты ұйымдастыруши-мұғалімдер бөлінсін;

3) Қазақстан Республикасы Қарулы күштер қызметіне жасөспірімдерді дайындауда, жалпы білім беру және кәсіби мектептерге тәжірибелік көмек көрсетілсін. Қысқы оқу барысында шақырылышлардың әрқайсысының дене дайындығынан тесттен өтуіне қол жеткізсін;

4) тіркеу барысында ауданының оқу мекемелерінде патриоттық және тәрбиелік шаралары жүргізілсін.

8. "Глубокое ауданының қаржы бөлімі" ММ бастығы К.С.Кәрібаевқа:

2009 жылға арналған аудандық бюджетте белгіленген көлемдегі қаржыландыру уақытында жүргізілсін.

9. 1992 жылы туылған азаматтардың шақырылуын өткізу үшін келесі құрамда комиссия тағайындалсын:

Сарсенбин Талғат Маратович - комиссия тәрағасы, "Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" ММ бастығы (келісім бойынша);

Пекур Мария Яковлевна - комиссия тәрағасының орынбасары, аудан әкімінің орынбасары

КОМИССИЯ МУШЕЛЕРІ:

Айткулов Бауржан Темирбаевич – "Глубокое аудандық ішкі істер бөлімі" ММ қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы (келісім бойынша);

Абдрахманова Валентина Кабыкеновна - "Медициналық бірлестігі" КМҚҚ емхана жұмысы бойынша директордың орынбасары (келісім бойынша);

Калякина Светлана Николаевна – мейірбике, комиссия хатшысы (келісім бойынша).

Аудандық маслихат сессиясына комиссия құрамы бекітуге ұсынылсын.

10. "Глубокое аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" шақыру участкесіне 1991 жылы туылған азаматтарды тіркеу туралы" Глубокое аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 8 қантардағы № 693 қаулысы, 2008 жылғы 9 ақпандағы № 5-9-78 нормативтік құқықтық актісін мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген (2008 жылғы 14 наурыздағы аудандық "Огни Прииртышья" газетінің № 11 санында жарияланған) қаулысының күші жойылды деп саналсын.

11. Осы қаулының орындалу барысын бақылау Глубокое ауданы әкімінің орынбасары М.Я. Пекурге жүктелсін.

12. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Глубокое ауданы әкімінің м.а.

B. Лаптев

Глубокое аудандық әкімдігінің
2009 жылғы 13 қантардағы
№ 1312 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Жастарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне қызмет етуге дайындау жөніндегі шаралардың ЖОСПАРЫ

№	Аты	Орындау уақыты	Орындалуына жауапты адамдар
1	1992 жылы туылған жасөспірімдерді шақыру участке сіне тіркеу туралы және оларды әскери қызметке дайындау жөніндегі міндеттері туралы аудандық әкімге баяндау	2009 жылдың 15 сәуіріне дейін	Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы (келісім бойынша)
2	Тіркелген жасөспірімдерге "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңынан, оларға қатысты бөлігін оқыту	тіркеу барысында	әскерлерді жасақтау және әскерге шақыру бөлімше бастығы (келісім бойынша)
3	Тіркелгендегі ішінен орта білімі және еш жерде оқымайтындарын анықтау	тіркеу барысында	Әскерден тыс және әскерге шақыру бөлімшесінің бастығы (келісім бойынша)
4	Мед. анықтау барысында емделуді және бақылауды қажет ететін адамдарды анықтап, оларға емделу туралы нұсқау беру	тіркеу барысында	әскерлерді жасақтау және әскерге шақыру бөлімше бастығы (келісім бойынша)
5	Емделуді және бақылауды қажет ететін жасөспірімдерді есепке алу журналында екі тізім бойынша есепке алу емдеу мекемелеріне баруының қажеттілігі туралы оқу мекемелері мен кәсіпорындарының бастықтарына хабарлау және тізім көшірмелерін жасөспірімдер кабинетіне жіберу	бескүндік мерзімде	әскерлерді жасақтау және әскерге шақыру бөлімше бастығы (келісім бойынша)
6	Қорғаныс істері жөніндегі бөлім офицерлеріне нақты бір мерзімде жасөспірімдердің тізімін жасап және шақырылушыларды танып білу жоспарын құрасын	2009 жылдың 15 сәуіріне дейін	әскерлерді жасақтау және әскерге шақыру бөлімінің бастығы (келісім бойынша)
		2009	Кәсіби іріктеу

7	Сержанттарды дайындау үшін кандидаттардың кәсіби-психологиялық іріктеуін өткізу	жылдың 15 сәуіріне дейін	тобы (келісім бойынша)
---	---	--------------------------	------------------------

"Глубокое аудандық корганыс істері
жөніндегі бөлімі" ММ бастығы
подполковник

T.Cарсенбин

Глубокое аудандық әкімдігінің
2009 жылғы 13 қантардағы
№ 1312 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

1992 жылдары туған азаматтардың медициналық комиссиядан өту КЕСТЕСІ

P/c №	Кенттік, ауылдық округтердің, елді мекендердің атауы	Жалпы саны	02.02	03.02	04.02	05.02	06.02
1	Алтайский кенті	8	8				
2	Белоусовка кенті	33				33	
3	Белокаменка ауылы	1				1	
4	Бобровка ауылдық округі	20			20		
5	Веселовка ауылдық округі	10	10				
6	Верхберезовка кенті	21	21				
7	Глубокое кенті	30					
8	Калинин ауылдық округі	6		6			
9	Киров ауылдық округі	45			45		
10	Кожохово ауылдық округі	23	9				14
11	Краснояр ауылдық округі	28		28			
12	Куйбышев ауылдық округі	13					
13	Малоубинка ауылдық округі	11					
14	Опытное поле ауылдық округі	28					
15	Секисовка ауылдық округі	13					
16	Ушаново ауылдық округі	18		18			
17	Фрунзе ауылдық округі	31				31	
18	Черемшанка ауылдық округі	19					
	Барлығы	358	48	52	45	51	48

кестенің жалғасы

P/c №	Кенттік, ауылдық округтердің, елді мекендердің атауы	Жалпы саны	09.02	10.02	12.02	25.02	12.02
1	Алтайский кенті	8					
2	Белоусовка кенті	33					
3	Белокаменка ауылы	1					
4	Бобровка ауылдық округі	20					
5	Веселовка ауылдық округі	10					
6	Верхберезовка кенті	21					

7	Глубокое кенті	30	30		
8	Калинин ауылдық округі	6			
9	Киров ауылдық округі	45			
10	Кожохово ауылдық округі	23			
11	Краснояр ауылдық округі	28			
12	Куйбышев ауылдық округі	13	13		
13	Малоубинка ауылдық округі	11	11		
14	Опытное поле ауылдық округі	28		28	
15	Секисовка ауылдық округі	13	13		
16	Ушаново ауылдық округі	18			
17	Фрунзе ауылдық округі	31			
18	Черемшанка ауылдық округі	19		19	
	Барлығы:	358	67	47	

"Глубокое аудандық қорғаныс істері

жөніндегі бөлімі" ММ бастығы

подполковник

T. Сарсенбин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК